

« Раушан бөбекжай балабақшасы » мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәспорны

Педагогикалық кеңес хаттамалары
2022-2023

Педагогикалық кеңес № 1

Өткен күні: 31.08.2022

Қатысқандар: 14

Қатыспағандар: 3

1. Педагогикалық кеңес төрағасы мен хатшысын сайлап, бекіту.
Жауапты: меңгеруші м.у.а А.Жарлханова
2. Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысты талдау.
Жауапты: әдіскер П.Ережепова
Жауапты: медбике Б.Баярисова
3. №348 22.08.2022 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен таныстыру. Жауапты: әдіскер П.Ережепова
4. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты» талқылау. Жауапты: әдіскер П.Ережепова
5. Педагогикалық ұжымды балабақшаның, мамандардың 20_22_/20_23_ оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстыру, талқылау, бекіту.
Жауапты: меңгеруші м.у.а А.Жарлханова
6. Балабақша жұмысында пайдаланылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесінің, әдістемелік әдебиеттер андатпасы және оны бекіту. Жауапты: Жауапты: меңгеруші м.у.а А.Жарлханова
7. Күн тәртібін, ҮІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.
Жауапты: меңгеруші м.у.а А.Жарлханова
8. Педагогтардың аттестаттау, сараптама комиссия мүшелерін сайлау
Жауапты: меңгеруші м.у.а А.Жарлханова
9. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы
Жауапты: психолог Н.Сулеева

ТЫҢДАЛДЫ.

1. Бөбекжай-бақша меңгерушісі м.у.а *А.Жарлханова* сөз алып күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті. Педагогикалық кеңес төрағасы мен хатшысын сайлап, бекітуді ұсынды.
2. Медбике мен әдіскер жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысының есебімен, жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын таныстырып атап өтті.
3. Әдіскер П.Ережепова №348 22.08.2022 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен таныстырып өтті.
4. Сондай-ақ әдіскер «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты» танстырып, талқылады.
5. Педагогикалық ұжымды балабақшаның, мамандардың 20_22_/20_23_ оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстырып және 2022 - 2023 оқу жылына бөбекжай-бақша міндеттерін меңгеруші м.у.а *А.Жарлханова* бекітті.
6. Меңгеруші м.у.а *А.Жарлханова* балабақша жұмысында пайдаланылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесінің, әдістемелік әдебиеттер аңдатпасы жасап, бекітті.
7. Күн тәртібін, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды меңгеруші м.у.а *А.Жарлханова* бекітті.
8. Педагогтардың аттестаттау, сараптама комиссия мүшелері құрамын сайлап, бекітуге меңгеруші м.у.а *А.Жарлханова* ұсынды.
9. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделуі кезеңінің қорытындысымен психолог Н.Сулеева таныстырып өтті.

ШЕШІМІ:

1. Педагогикалық кеңес төрайымы : меңгеруші м.у.а *А.Жарлханова*
Хатшы : Ұ.Назар бекітілсін.
2. Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. №348 22.08.2022 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты басшылыққа алынсын.
4. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты» басшылыққа алып, орындалсын.
5. Педагогикалық ұжымды балабақшаның, мамандардың 20_22_/20_23_ оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілсін.
6. Балабақша жұмысында пайдаланылатын бағдарламалар мен технологиялар тізбесінің, әдістемелік әдебиеттер бекітілсін.
7. Күн тәртібі, ҰІӨ кестесі тәрбиешілер, мамандар бекітілсін.

8. Аттестация комиссиясының құрамы бекітілсін
Төрайымы: Меңгеруші Г.Кемпрбаева;
Комиссия мүшелері – А.Дербисбаева;
М.Иманалиева
А.Байтикова
А.Жарлхапова

Хатшы – Ұ.Назар.

Сараптамалық кеңестің құрамы бекітілсін:

Төрайымы – П.Ережепова ;

Кеңес мүшелері – Д.Мурсалиева;

Психолог – Н.Сулеева;

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Ғ.Доса;

Бірінші санатты тәрбиеші – Ф. Есмаханова ;

9. Балабақшаға жаңа қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Психологтың ұсыныстары ескерілсін. Тәрбиешілер ата-аналар мен балаларды үнемі балабақшаға келуге ынталандырсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшы:



А.Жарлхапова

Ұ.Назар

« Раушан бөбекжай балабақшасы » мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

«№348 22.08.2022 Мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі
орта, жалпы орта, техникалық және
кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім
берудің мемлекеттік жалпыға міндетті
стандарты»

Баяндама

Әдіскер : П.Ережепова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (5-бабының 5-1) тармақшасына, 56-бабына сәйкес әзірленді.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;

Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

Стандарт

1) Білім беру бағдарламасының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу;

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын әзірлеу;

3) Меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық және мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарында (бұдан әрі мектепалды сыныптар) тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік материалдар әзірлеу;

4) Мектепке дейінгі ұйымдағы жас топтарының күн тәртібін әзірлеу;

5) Әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау;

6) Балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін әлеуметтік –психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы жағдайлар жасау;

7) Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы зағғық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру;

8) Балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін негіз болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда Жаңа стандарт бойынша өтпелі тақырыптар және сағат саны жоқ. Өтпелі тақырыптарды алып, оны әр аптаға бөлетінбіз. Жаңа стандарт бойынша іс-әрекетімізді бағдарламадан тақырыпқа бағыттаймыз. Перспективалық жоспарымызды бағдарламадағы міндеттерге қарап түземіз. Егерде, оқу іс-әрекетімізге тақырып керек болатын болса бағдарламадағы міндеттерді тақырып етіп алуымызға болады. Тақырып таңдасақ, тақырыпқа байланысты қажеті жоқ. Тақырыпты қойып, сол тақырыпты ашамыз деп оқу бағдарламасын ұмытатынбыз. Әрбір тәрбиеші бағдарламадағы міндеттер оқып, іс-әрекетті соған бағыттау керек. Баланың жас ерекшелігіне қарап түзілу керек перспектива және индиференция

Циклограмма тәрбиешінің күнделікті жоспары әрі шығармашылық құжаты. Оқу іс әрекеттері кіріктіліп өтілуі керек. Бұрынғы стандарт бойынша ортаңғы топ 15-20 минутта тақырыпты ашып беріп, түрлі ойындар, сергіту сәті, түрлі әдіс тәсілдер қолданып сол уақыттан аспауымыз керек болатын. Уақыттан асып кетпеуге тырысып, жанталасып тез тез тапсырмаларды балаларға орындататынбыз. Жаңа стандарт бойынша уақытта шектеу жоқ. Циклограмманы тәрбиешілерге еркін жоспарлауға мүмкіндік берілген. Бұрынғы стандартта білім салалары болатын. Яғни 5 салаға бөліп, әр саланы пән ретінде қарастыратынбыз. Жаңа стандартта коммуникативтік дағдысын, шығармашылық дағдысын, танымдық дағдыларын қалыптастыру деп өзгертілді. Білім салалары дағдыларға алмастырылған.

Қазақ тілі қазақ топтарында да өтіледі. Балалардың сөйлеу тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру және мемлекеттік тілді дамыту мақсатында қазақ тілі пәні енгізілді. Жаңа стандарт негізінде әрбір балабақша дамытушы білім беру дағдыларын өздері әзірлей алады және де сол бойынша жұмыс жасай алады. Балабақшаның бағытына сәйкес, үлгілік оқу бағдарламасының негізінде жұмыс жоспарын түзіп вариативтік компонент өтуге болады.

Білім алу үшін арнайы жағдайлар – оқу, сондай – ақ арнайы, жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін техникалық оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын психологиялық-педагогикалық қолдауды медициналық, әлеуметтік және ерекше балалардың, сондай ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті өзге де іс-әрекеттерді қамтитын жағдайлар. Дамытушылық орта-заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналыстанынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар (бұдан әрі – ерекше балалар) тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балалар. Баланы толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы органы ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі. Оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім біліктердің дағдылары мен құзыреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Тәрбиелеу – білім беру

проектінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін жүзеге асырылады. Балалардың құқытарын өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі.

Салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіздік өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері патриотизм қалыптасады.

Тәрбиеленушілердің физикалық, психологиялық, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды. Отанға ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді. Баланың мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

Физикалық қасиеттерді дамыту

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасау мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар қимыл қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу. Спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық электрондар туралы түсініктерді қарапайым математикалық ұғымдарды

құрастыру іс-әрекеттерді тәсілдерін меңгеру. Креативті және сыни ойлауды дамыту азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қоршаған әлемді, эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне жалпы адами құндылықтарға баулу. Өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікке, жанаршылықты қалыптастыру. Тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Тәрбиешіде 3 құжат болуы міндеттелді

1. Перспективалық жоспар
2. Циклограмма
3. Баланың жеке даму картасы

Баланың жеке даму картасын жасау үшін мониторингке жүгінеміз. Жаңа стандарт бала үшін тиімді, пайдалы. Ал, тәрбиеші үшін қолдану қолайлы болады деген сенімдемін.

« Раушан бөбекжай балабақшасы » мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

**«Қазақстан Республикасының
мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-
2023 оқу жылында тәрбиелеу –білім
беру процесін ұйымдастыру туралы
әдістемелік нұсқау хаты»
Баяндама**

Әдіскер : П.Ережепова

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді. Осы аталған Моделдің басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау. Сондай-ақ Модельдің 21-тармағында оны іске асыру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп, білім беру қызметтерінің сапасын, даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсынымдар әзірленгеннен кейін ілеспе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді көздейтіні нақты міндет ретінде айқындалған. Осыған байланысты еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында ауқымды зерттеулер жүргізілді. Зерттеу жасау үшін кездейсоқ таңдау әдісімен барлық өңірлерден меншік түрі мен нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар (жеке және мемлекеттік, қалалық және ауылдық) қамтылды және сертификатталған сарапшылар ECERS-3 шкаласының көмегімен бақылаулар жүргізді. Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай нәтижелер айқындалды: - «Заттық-кеңістіктік орта» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері заттық-кеңістіктік ортаны білім беру элементі ретінде қарастырмауы және оның мүмкіндіктерін барынша қолданбауы; - «Ойын алаңын ұйымдастыру» көрсеткіші бойынша кеңістікті аймақтарға бөлудің болмауы, балаларды ерте дамыту үшін қызығушылық орталықтарының болмауы немесе олардың талапқа сай ұйымдастырылмауы; «Балалардың сөздік қорын кеңейтуге көмектесу» көрсеткіші бойынша педагогтер балалардың сөздік қорын байытуға тек ұйымдастырылған оқу қызметі барысында ғана (режим сәттері мен еркін ойын кезінде емес) көңіл бөлетіндігі немесе онда қолданылатын сөздердің қарапайым, күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздерден тұратындығы; «Балаларды қарым-қатынасқа баулу» көрсеткіші бойынша педагогтердің балалардың сөйлеуге деген құштарлығын оятудың және балалардың жеке қарым-қатынас жасау қабілетін арттырудың орнына көбінесе балалардың үнін елемейтіні, сонымен қатар педагогтер тарапынан балалардың жасына сәйкес келмейтін немесе балаларды қызықтырмайтын сұрақтар жиі қойылатындығы; «Балалармен жұмыс кезінде қызметкерлердің кітапты пайдалануы» көрсеткіші бойынша кітаптарды бақылау кезінде мүлде қолданбауы, ал «Балаларды кітап қолдануға баулу» көрсеткіші бойынша балаларға арналған жұмсақ ыңғайлы бұрышы бар кітап оқу үшін арнайы ұйымдастырылған орынның болмауы немесе болған жағдайда кітаптардың қолжетімді болмауы; «Өнер» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу әрекетіне тиісті жағдай жасалмағандығы, құралдардың бала санына б жеткіліксіздігі, суретті тек педагог өзі дайындаған үлгі бойынша ғана салдыру, баланың қалағанын салу мүмкіндігі қарастырылмауы, ойдан салуға және баланың жеке көзқарасына педагог тарапынан қолдау көрсетілмеуі; «Музыка/қозғалыс» көрсеткіші бойынша балалардың музыканы тыңдау, және әр түрлі қимылдар жасау мүмкіндігі болғанымен, музыкалық аспаптардың қолжетімсіздігі немесе өз бетінше қолдану тәжірибесінің болмауы; «Рөлдік ойындар» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың көпшілігінде рөлдік ойындарға арналған материалдар, ауыстыратын киімдер, арнайы ойыншықтардың, күрделі рөлдік ойындарды ойнауға материал мен уақыттың жеткіліксіздігі; «Табиғат/ғылым» көрсеткіші бойынша топтарда табиғи материалдардың болмауы, болған жағдайда саны шектеулі болуы, ойыншықтарымен құм/судың болмауы, педагогтердің балалармен табиғат туралы, соның ішінде ауа-райы мен жыл мезгілдері туралы әңгіме айтуымен ғана шектелуі; «Математика және математикалық іс-әрекеттерді орындауға арналған материалдар» көрсеткіші бойынша математика сабақтарында материалдардың жеткіліксіздігі, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің көпшілігінің балаларды қызықтырмауы, балалар сәйкес материалдармен ойнап жатқанда осыған байланысты математика бойынша сұрақтар қойылмауы; «Персонал мен балалардың өзара әрекеті» көрсеткіші бойынша қызметкерлер мен балалар арасында жағымды қарым-қатынас тек ұйымдастырылған әрекет барысында және барлық топпен ғана шектелді, қызметкерлердің балалардың әңгімелерін және олардың қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысын қолдауы болмауы; «Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы және тәртібі» көрсеткіші бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің санының көп болуына байланысты балалардың күндізгі уақытта бір-бірімен араласу мүмкіндігінің болмауы, бақылау барысында педагогтердің балалар арасындағы кикілжінде қалай әрекет ету керектігін және туындайтын кикілжіндерді шешуге балалармен келіссөздер жүргізуге және оны шешуге қалай көмектесу

керектігін білмейтіндігі; «Әрекеттің ауысуы және күту мерзімі» көрсеткіші бойынша көбінесе балалардың жасы мен мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтін үндемей отырып, ұзақ күту сияқты талаптардың қойылуы; «Еркін ойын» көрсеткіші бойынша бақылау барысында еркін ойын мектеп жасына дейінгі балаларға жеткіліксіз немесе жоқ екендігі, сондай-ақ педагогтердің балалармен өзара әрекет ету және үйрету үшін еркін ойын мүмкіндіктерін пайдаланбайтыны, еркін ойын болған жағдайда педагогтердің ойынға қосылмауы, өзін алшақ ұстауы; «Топтық сабақтар және оқыту» көрсеткіші бойынша топтық іс-әрекеттер мазмұнының балалардың даму деңгейіне тым қарапайым болуы, педагогтің сабақтың тақырыбын балалардың өмірімен және олардың тәжірибесімен сирек байланыстыруы, көбінесе оқыту мен балалардың тәжірибесінің байланыспауы айқындалды. 7 Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мен жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленіп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру; - балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; - тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; - Отанды, ана тілін сүйеге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; - баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: - ойын арқылы оқыту; - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды. Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы www.itrd.kz сайтында қолжетімді болады.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін: 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына; 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы); 5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес

жүзеге асырады. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік - эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады: 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру); 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде); 3) сөйлеуді дамыту; 4) көркем әдебиет; 5) сауат ашу негіздері; 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда); 7) сенсорика; 8) математика негіздері; 9) құрастыру; 10) қоршаған ортамен таныстыру; 11) сурет салу; 12) мүсіндеу; 13) жапсыру; 14) музыка. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді. Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінезқұлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет. Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады. Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес такпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен

бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі. Тиімді ұсыныс ♣кітап бұрышын жасау ♣толықтыруға ата-аналарды тарту ♣кітапты уақытша пайдалануға үйге беру ♣ұйымдастырылған кітап бұрышын атааналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды даярлық тобында Сауат ашу негіздері аптасына екі рет өткізіледі. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Баланың затты немесе ойыншықты ұстап көріп, зерттеп, өздігінен тәжірибе жинақтауына басымдық беру ұсынылатын болғандықтан, педагог ауызша сөзбен айтып түсіндіруді барынша жетекші сұрақтарды жиі қолдану тәсіліне қарай бағыттағаны дұрыс болады. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады. Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше 14 сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды. Қоршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделеді. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады. Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылады, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын үлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу. «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық кимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында: 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру; 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны; 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру; 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету; 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылатын болады. 15 «Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады. Тәрбиелеу-білім беру процесі Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер

(қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар: - аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау; - әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру; - балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану; - әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру. **Дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін өзгерту Модельдің 22-35 т**

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау. Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші-әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады. Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі. Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады. Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Мониторингтің мақсаты: - баланың жетістіктерін қадағалау; - балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету; - түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру; - баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау. Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады (4-қосымша). Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады. Дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін өзгерту Модельдің 22-35 т. 17 Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагогикалық қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз

мінезқұлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, сибек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет. **Мемлекеттік тілді меңгерту** мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес такпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін сыныпта балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыру ұсынылады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, 21 тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беру маңызды. **Тиімді ұсыныс + кітап бұрышын жасау + толықтыруға ата-аналарды тарту + кітапты уақытша пайдалануға үйге беру + буккроссинг ұйымдастыру + сыныпта ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау.**

3. ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарактарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың кимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың онаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек. Дамытушы орта мыналарды: • Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды; • инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды; • білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді; • балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар: - қауіпсіз; - қолжетімді; - әртүрлі; - мазмұнды; - көп атқарымды; - өзгермелі; - тартымды. Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар: 1) ерте жас тобында және кіші топта: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, кимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар. 2) ортаңғы топта: дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға 25 арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер. 3) ересек және мектепалды даярлық топтарында (сыныптарында): дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар. Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады. Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға

мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылады. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында заттықкеңестіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарактандыру ұсынылады. **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ МЕН МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫБЫНЫҢ ПЕДАГОГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР** Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагог мамандығының мәртебесін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бағыт дамыту Моделінде белгіленген. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың жана моделіндегі педагогтер өз ұйымдарындағы өзгерістердің агенттері болуға тиіс. Ол үшін білім беру процесін ұйымдастырушыдан баланы дамыту мен оқыту процесінің фасилитаторы рөліне өз рөлін өзгерту қажеттілігі талап етіледі. Педагогтер үнемі оқып, зерттеу жүргізіп, балалардың даму процесін бақылап және күнделікті жұмысына рефлексия жасай отырып, өздерін балалар рөлінде, сондай – ақ педагогтер ретінде көруі тиіс. Педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагог сабақтар мен режимдік сәттердің білім беру міндеттерін айқындауда тәсілдерді өзгертуі қажет: балаларға үйрету емес, дербес шешім Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогі Модельдің 44, 52 т. 26 қабылдау үшін жағдай жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, салыстыруға және осы әрекеттерді бағдарлауға мүмкіндік беру ұсынылады. Педагогтер үнемі өзін-өзі бағалау процесінде инновацияшыл және жауапты бола алады, сонымен қатар белгіленген құжаттаманы уақтылы және ұқыпты жүргізеді (1,2,3 қосымшалар). Балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде мектепке дейінгі ұйымның әрбір қызметкерінің рөлі маңызды, сондықтан ұйымның әр қызметкері қажетті біліктілік деңгейіне ие болуы тиіс. Педагогтер мен басқа да қызметкерлер жұмысының негізгі қағидалары: - оқытудың кіріктірілген тәсілі; - баланы толыққанды дамыту; - ойын арқылы оқытуға баланы тарту; - балаларға өз білімін құрастырушы ретінде қарым-қатынас жасау; - маңызды өзара әрекет арқылы шынайы оқыту; - инклюзивті білім беру кеңістігін құру; - баланың жеке басын құрметтеу; - баланы дамыту мақсатында күтім жасау. Педагогтің құзыреттілігі: - баланы дамыту мен оқытуды терең түсіну; - баланың көзқарасын түсіну және қабылдай білуі; - баланы мақтай білу, тыныштандыру, сұрақтар қоя білу және балаларды жақсы көру; - көшбасшылық дағдылары; - туындаған мәселелерді шешуге қабілеттілігі; - сөздік қордың байлығы және балалардың ой-пікірін айту мүмкіндігі; - өз тәжірибесіне үнемі рефлексия жасай білу және оны жетілдіру; - эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі.

«Раушан бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны

Педагогикалық кеңес № 2

Өткен күні: 19.10.2022

Қатысқандар: 14

Қатыспағандар: 3

Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі. Әдіскер П.Ережепова

Күн тәртібі

1. Баяндама: «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың үлгілік оқу бағдарламасы » тәрбиеші А.Жанжигитова
2. « Жомарт Күз» көрме өткізу тәрбиеші А.Жарлхапова
3. Балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының бастапқы мониторингісі. Барлық топ тәрбиешілер.
4. Топтарда балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға арналған жағдайлар жасау. Меңгеруші Г.Кемпрбаева

ТЫҢДАЛДЫ.

1. Тәрбиеші А.Жанжигитова «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың үлгілік оқу бағдарламасы » тақырыбында баяндама жасады. Баяндама қоса берілді.
2. Тәрбиеші А.Жарлхапова « Жомарт Күз» көрмесінің ұйымдастырылуы мен өтілуі туралы есеп берді
3. Балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының бастапқы мониторингісі туралы барлық топ тәрбиешілері баяндады.
4. Меңгеруші Г.Кемпрбаева топтарда балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға арналған жағдайлар жасау жөнінде ескертіп өтті.

ШЕШІМІ:

1. 2022ж 14.10 №422 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың үлгілік оқу бағдарламасы балабақшаның тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде басшылыққа алынсын.
2. Күзгі мерекелік іс-шаралар талапқа сай өткізілсін.
3. Балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының бастапқы мониторингісі негізінде балаларды дамытушы жұмыстар жүргізілсін.
4. Топтарда балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға арналған жағдайлар жасалынып, үнемі бақылауда ұсталынсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшы:




Г.Кемпрбаева


Ұ.Назар

Балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының бастапқы мониторингігі нәтижелері туралы анықтама.

«Раушан бөбекжай балабақшасы» МКҚК топтардағы тәрбиеленушілердің бес білім беру саласымен, типтік бағдарлама бойынша дағды, шеберлік пен білім деңгейінің тексеруінің қорытындысын шығарды.

Тексеру мақсаты: мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің бастапқы диагностикасын талдау; оң және теріс нәтижелерді анықтау; білім беру үрдісінің тиімділігін анықтау, даму динамикасын қадағалау, балалармен жұмыстың педагогикалық жоспарлау және болжам жасау.

Талдау барысында, бес білім беру саласы бойынша бағдарламаны меңгерудің базалық дәрежесін зерттелді: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет».

Тексеру қорытындысы:

МББС меңгеру дәрежесі аралық бақылауының нәтижелері бойынша бес білім беру саласы зерттеліп, 2022 – 2023 оқу жылының 01.09.2022 дан 30.09.2022 аралығында топ тәрбиешілері және басқа пән мамандарымен бірлесе отырып, балабақшаның жылдық жоспарына сай өткізілді.


Білім беру дағдыларын қалыптастыру бойынша МББС меңгерудің талдауы (барлық бөлімдерінде)
Барлық бөлімдері бойынша МББС меңгеру дәрежесі.

Типтік бағдарлама бойынша дағды, шеберлік пен білім деңгейінің тексеруінің қорытындысы бойынша мынадай қорытынды шығаруға болады, барлық бөлімдер бойынша білім толық меңгерілмеген.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша бағдарламаны балалар оңтайлы жеткілікті дәрежеде меңгерген, «Денсаулық» білім беру облысы бойынша МББС меңгеру деңгейі орташа (бала не істегенін түсінеді).

Мониторинг талдауының нәтижелері мынаны көрсетті, «Денсаулық» облысы бойынша 45,8% бала құзіретті төмен, 38,3% жеткілікті құзіретті және 15,8% бала құзіретті.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша МББС меңгеру дәрежесі




Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша бағдарламаны балалар жеткілікті және оңтайлы дәрежеде меңгерген, «Коммуникация» білім беру облысы бойынша МББС балалардың меңгеру дәрежесі орташа (бала не істегенін түсінеді).

Бастапқы диагностика қорытындысы бойынша 45% құзіретті емес, 39,1% бала жеткілікті құзіретті, 15,8% бала құзіретті.

Мәселе: Балалар балабақшаға жақын арда келген және де, бұрында мектепке дейінгі мекемелерде болмаған, қарым – қатынасқа аз түсіретін балалар. Анамнезінде 1ДК диагнозы бар балалар, кеш сөйлеген балалар.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша МББС меңгеру дәрежесі



Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша бағдарламаны балалар төменгі дәрежеде меңгерген, «Таным» білім беру облысы бойынша МББС балалардың меңгеру дәрежесі төмен.

Бастапқы диагностика қорытындысы бойынша 45% құзіретті емес, 36,6% бала осы облыс бойынша құзіретті, 18,3% жеткілікті құзіретті.

Мәселе: Балалар балабақшаға жақын арда келген және де, бұрында мектепке дейінгі мекемелерде болмаған, қарым – қатынасқа аз түсіретін балалар.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша МББС меңгерген дәрежесі




Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша бағдарламаны балалар жеткілікті дәрежеде меңгерген, «Шығармашылық» білім беру облысы бойынша МББС балалардың меңгеру дәрежесі орташа (бала не істегенін түсінеді).

Бастапқы диагностика қорытындысы бойынша 44,1% күзиретті емес, 40,8% бала күзиретті, жеткілікті күзиретті 15%.

Мәселе: Балалар балабақшаға жақын арда келген және де, бұрында мектепке дейінгі мекемелерде болмаған.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша МББС меңгерген дәрежесі




Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша бағдарламаны балалар жеткілікті дәрежеде меңгерген, «Әлеумет» білім беру облысы бойынша МББС балалардың меңгеру дәрежесі орташа (бала не істегенін түсінеді).

Бастапқы диагностика қорытындысы бойынша 74,5% күзиретті емес, 24,5% бала күзиретті, жеткілікті күзиретті 0%.

Мәселе: Балалар балабақшаға жақын арда келген және де, бұрында мектепке дейінгі мекемелерде болмаған.

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша МББС меңгерген дәрежесі



Сонымен, мынандай қорытынды жасауға болады, барлық бағдарлама максаттары орындалмады, себебі, балалар балабақшаға жақын арда келген және де, бұрында мектепке дейінгі мекемелерде болмаған.

Жеке тұлғаны бағдарлы оқыту мен тәрбиелеу бойынша әр баланың жетістіктерін нақты жазуды ұйымдастыру үшін келесі ұсынымдар әзірленді:

√ Балалардың ойлау қызметін активациялау құралдарын әртараптандыру (дамыту жаттығулары («Мынау неге ұқсайды?»), «Лото» ойыны, «Мынамен не ойнауға болады?», «Өрнекті аяқта», «Моншактарды жина»; Дьенштің блоктарымен ойындар және т.б.) және білім іздеуге бағытталған сұрақтар, бұрында алған білімдерін қолдану мен қалпына келтіруге бағытталған сұрақтар, ҰОІӨ ойын түрлерін, шығармашылық тапсырмалар, мәселелі жағдайлар, сызбалар, тәжірибе – тапсырмалары, эксперимент жүргізу, дидактикалық ойындар, Кюзенер таяқшалары, Дьенштің логикалық блоктары және т.б).

√ Тәрбиеленушілердің ынталандыруын арттыру үшін инновациялық технологияларды енгізу, креативті ойлауды дамыту (ПРИЗ, ИКТ, ойын технологиялары, жобалық әдістері)

√ мониторинг нәтижелеріне сүйене отырып, жеке түзету карталарын жасай отырып, баланың даму траекториясын бақылауға мүмкіндік береді.

√ оқуға жеке көзқарас енгізу.

√ ата – аналармен жұмыс істеудің дәстүрлі емес нысандарымен жұмыс істеу жүйесін әртараптандыру, бұл оларды балабақша мен баланың өмірінде қызықтыруға көмектеседі.

√ педагог – психологпен бірлесіп жұмыс атқару керек.

« Раушан бөбекжай балабақшасы » мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен
оқытуды дамытудың үлгілік оқу
бағдарламасы »

Баяндама

тәрбиеші А.Жанжигитова

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпы мәдениетті қалыптастыруға, дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық және жеке қасиеттерін дамытуға, оқу әрекетінің алғы шартын қалыптастыруға, мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулықтарын нығайтуға және сақтауға бағытталған.

Мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқыту және балалардың қабілеттерін дамыту, балалар еліміздің зияткерлік әлеуетінің болашағы болғандықтан қоғам үшін өте маңызды болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты міндеті Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту негізінде мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын жетілдіру және білім беру үдерісіне инновациялық әдістер мен технологияларды ендіру.

Осы мақсатқа сәйкес жаңа технологиялар мен әдістерді қолданып, отандық шығармалардың көлемін арттырумен мектепке дейінгі білім беру мазмұнына бірыңғай талаптарды, жүйелілікті, тұтастықты, сабақтастықты және үздіксіздікті қамтамасыз ететін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленді.

Аталған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына арналған әдістемелік нұсқаулық Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына әдістемелік көмек көрсетуге арналған және Бағдарламаның құрамдас бөлігі болып табылады.

Нұсқаулық сабақтастық, жүйелілік, бірізділік, вариативтік, кіріктіру педагогикалық ұстанымдары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік, дамытушы және оқыту мақсаттарының бірлігі негізінде жасалған.

Осы құралда балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы мазмұнды іске асырудың түрлері мен әдістері берілген.

Мақсаты: Бағдарламаның мазмұнын әдістемелік қолдауды және мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үдерісін ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру салаларын кіріктіру;
- мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш мектептің сабақтастық ұстанымын іске асыру;
- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша педагогтарға әдістемелік көмек көрсету және ата-аналарға кеңес беру.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Әрбір жасқа арналған әдістемелік жұмыстың бөлімдерінде білім беру салаларының мазмұны және балалардың Бағдарлама мазмұнын игерудегі жоспарланған күтілетін нәтиже ашылған.

Білім беру қызметі балаларға шамадан тыс салмақ салмай, тәрбиелік, дамытушылық, білімдік мақсаттар мен міндеттердің бірлігін қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен бірге бағдарламалық білім беру міндеттерін шешу тек қана ұйымдастырылған оқу қызметінің көлемінде ғана емес, сондай-ақ режимдік сәттерді өткізу кезінде де ересек пен балалардың бірлескен әрекеті ретінде және мектеп жасына дейінгі балалардың дербес әрекеттерінде де қамтамасыз етіледі.

Білім беру үдерісін құру балалардың жастарына сәйкес түрлеріне негізделеді. Жұмыс түрін педагог мектепке дейінгі ұйымның бағыттарының ерекшелігіне, жабдықталуына (материалдық-техникалық қор), мәдени және аймақтық ерекшеліктерге, педагогикалық үдеріске қатысушылардың тәжірибесіне, педагогтардың шығармашылық әлеуетіне сәйкес өздігінен таңдайды.

Білім беру үдерісі келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Дене дамуы: кешенді шынықтыру шаралары, таңертеңгі жаттығу, күннің екінші жартысындағы жаттығулар мен қимылдық ойындар;

2. Әлеуметтік-тұлғалық даму: режимдік сәттерді өткізуде жағдаяттық әңгімелесу, олардың қажеттілігін түсіндіру; тапсырмалар арқылы еңбек дағдыларын дамыту (кезекшілік, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ересектерге көмектесу; сабаққа қажетті мүліктер мен құрал-жабдықтарды орналастыру, жинастыру, қимылдық ойындар мен жаттығуларға арналған құрылымдарды құрастыруға балаларды қатыстыру); режимдік сәттерді өткізуде қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру;

3. Танымдық-тілдік даму: тілдік дамытушы ортаны құру (ойындарда, бақылауларда балалармен еркін диалогтар, балалармен жағдаяттық әңгімелер, еңбек қимылдары мен гигиеналық шараларды атау); балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандыру.

4. Көркем-эстетикалық даму: балалардың күнделікті тіршілігінде музыканы қолдану (ойында, қолы бос кезінде, серуенде, бейнелеу әрекетінде); қоршаған ортадағы әртүрлі дыбыстарға, бөлмелерді безендіруге, жабдықтардың тартымдылығына, бөлменің, заттардың, ойыншықтардың әсемдігі мен тазалығына балалардың назарын аудару.

Дұрыс күн тәртібі – бұл балалардың күні бойғы әртүрлі әрекет түрлері мен демалысының тиімді ұзақтығы және жүйелі ауысуы. Күн тәртібін дұрыс құрудың негізгі ұстанымы оның балалардың жас психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі болып табылады.

Режимдік сәттерді жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ баланың жеке ерекшеліктерін (ұйқының ұзақтығы, талғамдарын, іс-әрекеттің қарқыны және т.б.) ескеру қажет. Балабақшаның күн тәртібі баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес жасалған болса, онда ол өзін жайлы сезінеді, оның көңіл-күйі мен белсенділігі де жоғары болады. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру:

- тұтас үдеріс аясында білім беру салаларының мазмұнын іске асыруды;
- баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және оның әлеуметке үйлесімді енуін қамтамасыз етеді.

Білім беру міндеттері бағдарламалық материалды беруде кешенді тәсілді мақсатқа бағыттап қолданғанда тиімді шешіледі.

Кіріктіру ұстанымына сәйкес, бір саланың білім беру әрекеті барысында басқа білім беру салаларының міндеттерін бір мезгілде шешу қажет. «Денсаулық» білім беру саласының міндеттерін шешкен кезде бір мезгілде «Әлеумет» білім беру саласының дағдылары қалыптасады, «Таным», «Коммуникация» білім беру салаларына қатысты білім мен білік қаланады және т.б.

Әр білім беру саласының мазмұнында балалардың жарты жылдықтар бойынша игеретін негізгі білім, білік және дағдыларының күтілетін нәтижелері анықталған. Бағдарлама мазмұнын іске асыру баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне, оның жан-жақты үйлесімді дамуына бағытталған педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға заманауи тәсілдерді қолдануды көздейді.

Ойын әрекетін ұйымдастыру

Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалардың қоғамдық өмірінің ерекше түрі, олардың қалауы бойынша біріктіретін, өз бетінше әрекет ететін, өзінің ойларын жүзеге асыратын, әлемді танитын әрекетінің негізгі түрі болып табылады. Ойын әрекеті әрбір баланың физикалық және психологиялық дамуына, адамгершілік-жігерлі қасиеттерді, шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Ойын – балалардың тіршілік әрекетінің негізгі түрі ретінде қарауға болатын, қайталанатын құбылыс.

Бағдарламада балалардың жастарын ескере отырып, сюжетті-рөлдік, дидактикалық, қимылды ойындар, драмалық ойындар, өз бетінше ойындар, сондай-

ақ заттарды алмастыратын ойыншықтармен және ойын қимылдарымен барлық ойын түрлерін дамыту мен қолдану әдістері анықталған. Барлық ойын түрлері танымдық, шығармашылық әрекетті және балалардың әлеуметтенуін ұйымдастыруда кеңінен қолданылады.

Еңбек әрекетін ұйымдастыру

Еңбек әрекеті - мектепке дейінгі тәрбиенің құрамдас бөлігі, еңбек дағдыларын қалыптастырудың негізі, тұлға аралық қарым-қатынас мәдениетін дамытудың маңызды құралы болып табылады. Бағдарламада балалардың жас мүмкіндіктерін ескеріп еңбексүйгіштікті, ересектердің еңбегіне қызығушылықты дамыту, еңбек етуге ынталану; табиғат бұрышындағы жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым еңбек әрекеттері дағдыларына тәрбиелеу міндеттері қойылған.

Балаларды еңбектің қоғамдық бағытының рөлімен, оның әлеуметтік маңыздылығымен таныстыруға, еңбек адамдарына сыйластық қарым-қатынас қалыптастыруға, қоршаған ортадағы заттар адамның қолымен жасалғанын сезінуге және оларға ұқыптылықпен қарауға басымдық берілген.

Күтілетін нәтижелер жас ерекшелік кезеңдеріне сәйкес, аталған жастың балаларының тіршілік әрекетінде қолданатын, нәтижесінде білім, білік, дағдыларының деңгейлері анықталатын білім беру салалары мазмұнын меңгеруді қарастырады.

Ата-аналармен жұмыстарды ұйымдастыру

Бала үшін отбасы - бұл қоғамдық тәжірибенің қайнар көзі. Отбасында ол үлкендерге еліктейді, мұнда оның әлеуметтік болмысы қалыптасады. Егер біз дені сау ұрпақ өсіргіміз келсе, онда бұл мәселені «бүкіл әлеммен»: балабақша, отбасы, қоғам болып шешуіміз керек.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің басты мақсаты - балаларды тәрбиелеуде отбасына кәсіби тұрғыдан көмек көрсету, оны ауыстырмай, толықтырып және оның тәрбиелік қызметін толықтай іске асыруды қамтамасыз ету.

Жоғарыда аталған отбасылық қарым-қатынастарды іске асыруды қамтамасыз ету үшін келесі тәрбиелік міндеттерді орындау бойынша жұмыс жүргізілуі қажет:

- балалар мен ата-аналарға сыйластықты тәрбиелеу;
- отбасылық шағын ортаны зерделеу үшін ата-аналармен өзара әрекеттестік ;
- отбасының жалпы мәдениетін және ата-аналардың психологиялық құзыреттілігін арттыру;
- балалармен тәжірибелік жұмыстың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және теориялық білімдердің негізі арқылы ата-аналарға тәжірибелік және теориялық көмек көрсету
- отбасын жеке-саралау тәсілі арқылы ата-аналармен ынтымақтастық және бірлескен шығармашылық түрлерін қолдану.

Ата-аналармен жұмыс келесі кезеңдерді ұстана отырып, құрылуы тиіс:

- ата-аналармен жұмыстың мазмұнын және түрлерін ойластыру, олардың қажеттіліктерін зерделеу мақсатында жедел-сауалнама жүргізу, алынған мәліметтерді әрі қарай жұмыста қолдану;
- тәрбиешілер мен ата-аналар арасында келешекте іскерлік ынтымақтастықты қалыптастыруда мейірімділік қарым-қатынасты орнату, ата-аналарды олармен өткізілетін жұмысқа қызықтыру, оларда балалардың жағымды бейнесін қалыптастыру;
- ата-аналарда өз баласының неғұрлым толық бейнесін қалыптастыру және олар үшін күтпеген және қызықты болып табылатын, отбасында алуға мүмкін емес білімдерді, ақпараттарды хабарлама арқылы дұрыс қабылдау. Бұл баланың құрдастарымен қарым-қатынас ерекшеліктері, оның еңбекке қатынасы, өнімді іс-әрекет түрлеріндегі жетістіктері туралы ақпарат болуы мүмкін;
- бала тәрбиесіндегі отбасы мәселелерімен танысу кезеңінде тәрбиешілер ата-аналармен белсенді диалог жүргізеді, мұнда баланың жағымсыз мінез-құлықтары, қорқынышы, қиындықтары туралы айтылады;
- ересектермен бірлескен зерттеу және баланың тұлғасын қалыптастыру кезеңінде жұмыстың нақты мазмұны жоспарланады және ынтымақтастықтың түрлері таңдалады.

«Раушан бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны

Педагогикалық кеңес № 3

Өткен күні: 28.12.2022

Қатысқандар: 14

Қатыспағандар: 3

Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі. Әдіскер П.Ережепова

Күн тәртібі

1. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың циклограммалардың жазылу, орындалу барысын тексеру қортындысы. Меңгеруші Г.Кемпрбаева.
2. Триз – ликбез. «Триз балабақшада негізгі әдістері мен тәсілдері» Баяндама А.Дербисбаева.
3. Күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы. Меңгеруші Г.Кемпрбаева (ортаңғы, ересек топтары.)

ТЫҢДАЛДЫ.

1. Балабақша меңгерушісі Г.Кемпрбаева бірінші жарты жылдықтағы топтардың циклограммалардың жазылу, орындалу барысын тексеру қортындысы туралы айтып өтті.
2. Тәрбиеші А.Дербисбаева «Триз балабақшада негізгі әдістері мен тәсілдері» тақырыбында баяндама жасап, өз тәжірибесімен бөлісе отырып, шебер сынып жүргізді.
3. Меңгеруші Г.Кемпрбаева ортаңғы «Балдаурен», «Бүлдіршін», ересек «Балбөбек» топтарындағы күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы жөніндегі бақылау нәтижесін таныстырып, анықталған он тәжірибелер және кемшіліктерді болдырмау жөнінде айтты.

ШЕШІМІ:

1. Циклограммаларды жазу барысында үлгілік оқу бағдарламасы басшылыққа алынсын.

2. Тәрбие жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыруда ТРИЗ технологиясы қолданылсын.

3. Топтардағы күннің екінші жартысындағы күн тәртібі орындалсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшы:



 Г.Кемпрбаева

 Ұ.Назар

« Раушан бөбекжай балабақшасы » мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

«Триз балабақшада негізгі әдістері мен
тәсілдері»

Баяндама

тәрбиеші А.Дербисбаева

ТРИЗ балабақшада негізгі әдістері мен тәсілдері

«Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретінде, мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн»

Н.Ә.Назарба

ев

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.

Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым-қатынасы болып табылады. Қарым-қатынас жасауда үлкендер жағынан балаға мынадай жағдай туғызу қажет: «Бала біздің болашағымыз, қоғамымыздың азаматы». [1. 14-бет] Оның мақсаты: Баланы жеке тұлға етіп қалыптастыру. Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді: -Денсаулық сақтау технологиясы. -Жобалы-іс шығармашылығы. -Ізденіс-шығармашылық технологиясы. -Қатынастық-ақпараттық технологиясы -Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы. -Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы. -Ойын технологиясы. -Триз технологиясы және т.б. Денсаулық сақтау технологиясы. Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты: Баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары, баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Қазіргі таңда адамдардың даму жағдайында оның денсаулығын қалыптастыруда реттікжүйесіз мүмкін емес.

Денсаулық сақтау педагогикалық технологиясын мына төмендегілермен тығыз байланыста болады: -Мектепке дейінгі мекемелермен.

-Ондағы балалардың күнделікті қатынасуы.

-Тәрбиешілердің жұмыс бағдарламасы.

-Мектепке дейінгі ұйымдардағы іс-шаралар.

-Педагогтың кәсібі күзiреттілігі.

-Балалардың денсаулық көрсетілімі.

Денсаулық сақтау технологиясы мынадай топтарға жіктеледі:
Әдістемелік-профилактикалық: медбикенің жетекшілігі мен медициналық талаптардың нормасына байланысты.

Медициналық құралдарды қолдану және балалардың тамақтануын қадағалау, алдын алу іс-шараларын жүргізу.

Сауықтыру-шынықтыру: бұл балалардың денсаулығын нығайтып, шынықтыруға бағыттау.

Физикалық дамуының сапасын жақсартуда шынықтыру, тыныс алу жаттығулары жатады. Баланың әлеуметтік-психологиялық сәттілігін қамтамасыз ету.

Денешынықтыру сабақтарының техникасын қолдану, қатынастық ойындар, кедергі ойындар (ойын тренингтер, теропиялық ойындар, өзін өзіне массаж жасау). Денсаулық сақтау технологиясына сенсорлық дамыту ортасын ендіру.

ТРИЗ жүйесі бойынша шығармашылық әңгіме барысында дәстүрлі емес тәсілдерді қолдану. ТРИЗ технологиясының мақсаты: баланың тілін дамыту, шығармашылық қиялын дамыту болып табылады. Мақсатты білім беру және тәрбиелеу жүйесі қазіргі заман талабына сай баланың бойында дағылар мен іскерлікті қалыптастыруды көздейді. Сондықтан бірінші орынға балалардың бойында белсенді ойлау қабілетін жетілдіру мақсаты қойылады. Мектеп жасына дейінгі балаларының шығармашылық қабілетін жетілдіру жолында әртүрлі тартымды, еліктіретін әдіс-тәсілдерді пайдаланудың маңызы ерекше. Осындай әдіс тәсілдердің біріне ТРИЗ тәсілі жатады.

ТРИЗ - мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру үрдісінде өнер тапқыштық мәселелерді шешу теориясы. Шығармашылық тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады. Шығармашылық мүмкіндіктердің көріне бастауының себебі- балалық кездегі елестету деңгейінің жоғарылығымен, балалардың ойлауын танымдық бағытының дамуымен түсіндіріледі. Бұл теорияны шығармашылық мәселелерді саналы түрде шешу үшін пайдаланып, қолдануға болады. Мектепке дейінгі балалық шаққа бейімделген ТРИЗ технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді.

ТРИЗ және оның принциптері тек техникалық қана емес, сонымен қатар басқа да шығармашылық тапсырмаларды шешуге қолайлы.

Қазіргі заман талабына сай шағын топтарда балалардың шығармашылық қабілетін, қиялын дамыту мақсатында ТРИЗ элементтерін пайдаланудың маңызы зор.

ТРИЗ технологиясы

«Саусақтық кескіндеме»

Бояулар саусақ және алақан арқылы жағылады. Ол үшін бояуларды жайпақ ыдысқа құйып, қасына бөлек су қояды. Бұл жердегі ереже - әр саусақпен нақты түсті таңдау керек. Сумен жуылған саусақтар бірден сүлгімен сүртілуі қажет.

«Ылғал қағаз бетіне сурет салу»

Қылқаламмен бояу алдында, қағаз беті алдын-ала таза сумен ылғалдырылады. Сонда сурет жаңбырмен шайылған немесе бұлыңғыр

сияқты болып шығады. Кішкене бөлшектерді салу үшін қағаз беті сәл кепкенін күту керек немесе қылқаламмен қою бояу керек.

«Шашырату»

Бала қылқаламды бояуға малып алып, кардон үстіне ұрады. Шашыраған бояу қағаз бетіне түседі. Бояуды тіс щеткасымен немесе таяқшамен шашыратуға да болады. Шөпті суреттеуде - құс қауырсынын пайдаланған тиімді. Паролон немесе мақта таяқшаларымен сурет бояуға не болмаса уақ бөлшектерін салуға болады.

«Сия тамшысы графикасы»

Бала бояуды қағаз бетіне қылқалам арқылы тамызады. Содан соң қағазды жан-жаққа айналдырып бұрып беру арқылы бояу тамшысының қандай бейнеге, неге ұқсайтынын қарайды. Бұл тәсілдің басқа түрі бала қылқаламмен қағаз бетіне бояуды тамызып, үстінен басқа қағазбен басады. Сосын қағазды алып, пайда болған бейне затқа ұқсайтынын айтады.

«Матамен бейнелеу»

Қапшыққа керек емес қалған маталарды жинаймыз, осылардың бәрі пайдаға асады. Матадағы суреттер бір сюжетті бейнелеуге көмектеседі, әрі жеңіл. Мысалы: бір матадан гүлдер оны қиып, желіммен жапсырамыз, содан кейін сабағын құмыраға саламыз. Әдемі сюжет пайда болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда Знегізгі мақсат қарастырылған.

1. Ауызша сөйлеуге үйрету, сөздік қорын дамыту. Айналадағы дүниені табиғатты бақылау, таныту арқылы сөз қорын жаңа сөздермен байыту, баланың

ауызша сөйлеген сөздерін тыңдап, өзіне қойылған сұраққа жауап беруге үйрету: Заттың атын (ойыншық, гүл, жапырақ т.б) заттың сынын, сапасын, түр түсін, пішінін білдіретін сөздерді меңгерту. Заттың іс -әрекетін білдіретін (жүрді, жүгірді, келді, келеді, епті т.б) сөздерді әрі қарай меңгерту. Үстеу сөздерді (қасында, үстінде, осында, жоғарыда, төменде) қосып айтуға үйрету.

2. Сөз дыбыстарын дұрыс айту. Сөйлеуде ауыз қуысы арқылы дұрыс дем шығара білуге үйрете отырып, дауыссыз қатаң, ұяң дыбыстарды естілуіне қарай дұрыс, анық айтуға үйрету, 3 -4 сөзден тұратын сөйлем құрату.

3. Байланыстырып сөйлеуін дамыту. Күнделікті сабақта естіген, білгенін, ойын, серуен кезінде көрген түйгенін, сурет және оқылған ертегілер мазмұнын ұнатқан ойыншықтары жайында ауызша сұрақ қоя отырып, әңгімелей отырып, қысқа ертегілерді кейіптендіре білуге үйрету. Мысалы: «Түлкі мен ешкі» ертегісінде:

-Түлкінің терісі қандай?(үлпілдек)

- тағы нелер үлпілдек болады? (қар, шапан, тымақ, мысықтың жүні, кілемнің беті) -Ешкінің түсі сұр болған, тағы нелер сұр түске жатады? (сұр бұлт, сұр бас киім, сұр ішік, сұр қоян) -Құндықтың суы қандай болады? –Мұздай.

-Тағы нелер мұздай болады? (мұздай су, мұз, суық жел, қар, су, мұз жатады) Балалардың шығармашылығын дамыту жолында: - Сурет салу - Мүсіндеу

- Жапсырма - Музыка. ұйымдастырған оқу қызметтер өткізіледі. Сурет салу оқу қызметінде қалыпсыз тәсілдер қолданылады. [3. 10-бет]

Ермексазбен жұмыс

Берілген тапсырмаларды орындау балаларды еркін қиялдауға, шығармашылықпен айналысуға кедергі келтіретін психологиялық селқостықты жоюға ықпал жасайды. Балада танымдық қызығушылықтың болуы-олардың оқу қызметтеріне белсенді, білімінің сапалы болуына, басқа да іс-әрекеттерге жағымды әсерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі байқалып өз нәтижесін көрсетті.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен бірге ойынды тәрбиеші мен балалардың бірлескен оқу қызметінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Балалардың мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу қызметін орындауға бейімделуі тиіс. Ол оқу қызметі барысында пайдаланатын түрлі ойындар арқылы жүзеге асады.

Кез келген ұстаздың басты мақсат-міндеті – балаларға сапалы білім беру, жан-жақты жетілдіру, оқуға деген қызығушылығын арттыру. Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгі ғасыр, ойын

технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын- дегеніміз не? Ойын дегеніміз-халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан-жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.

А.С Макаренко «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу – бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын – балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі.

Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап – ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмытылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді. Ойын- бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді. Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, дене шынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл – ойын сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Тіпті нашар оқитын балалардың өздері де ойын элементтері араласқан сабаққа зор ынтамен ,жігерімен араласатыны анық

Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы № 4

2023 ж. " 25 " қаңтар

Төрағасы – Кемпрбаева Гулжамал Амангельдиевна

Т.А.Ө. (болған жағдайда)

Хатшы – Ережепова Перизат Кидирбайқызы

Т.А.Ө. (болған жағдайда)

Қатысқандар: 14 адам.

Күн тәртібі:

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы

Тыңдалды:

"Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санаттарын беруге (растауға) үміткер педагогтер туралы балабақша меңгерушісі Г.Кемпрбаева айтып өтті. Өтініш берген педагогтар өз жұмыстарында жауапты, тынымсыз ізденісте болатынын, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысатынын айта келе, төмендегі тізімдегі педагогтердің біліктілік санатын беруге (растауға) ұсынды.

Шешім:

Біліктілік санатын беруге (растауға) ұсынылады :

№	педагогтың аты-жөні	қызметі	Бар санаты	Өтініш берген санаты
1	Жанжигитова Ақтолқын	тәрбиеші	санатсыз	Педагог-модератор
2	Утебаева Салтанат	тәрбиеші	санатсыз	Педагог-модератор
3	Есмаханова Фатима	тәрбиеші	I санат	Педагог-модератор
4	Байтикова Айгул	тәрбиеші	I санат	Педагог-модератор
5	Утеева Карима	тәрбиеші	санатсыз	Педагог-модератор
6	Жарлхапова Арайлым	тәрбиеші	II санат	Педагог-модератор
7	Амирсейтова Жайсан	тәрбиеші	II санат	Педагог-модератор
8	Мырзахметова Гүлбану	тәрбиеші	II санат	Педагог-модератор



Төраға
Хатшы

Г.Кемпрбаева
П.Ережепова

«Раушан бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны

Педагогикалық кеңес № 5

Өткен күні: 31.03.2023

Қатысқандар: 14

Қатыспағандар: 3

Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі. Әдіскер П.Ережепова

Күн-тәртібі

- 1.«Серуенді тиімді іске асыру және ұйымдастыру» баяндама тәрбиеші Г.Мырзахметова
2. «Балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайтудың қазіргі кездегі әдіс-тәсілдері» баяндама тәрбиеші С.Утебаева
- 3.Балабақшамызда «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» сыбайлас жемқорлықты болдырмауға бағытталған түсіндірме әдіскер П.Ережепова
- 4.Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының аралық мониторингісі. Барлық тәрбиешілер
- 5.Дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу. Әдіскер П.Ережепова
- 6.Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауға дайындау және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы. МДҰ меңгерушісі Г.Кемпрбаева.

Тындалды:

- 1.Тәрбиеші Г.Мырзахметова « Серуенді тиімді іске асыру және ұйымдастыру» тақырыбында баяндама жасап, серуен кезіндегі бақылау, ойындардың тиімді түрлерін қолдану бойынша пікір алмасты, талқылады.
2. Келесі кезекте тәрбиеші С.Утебаева « Балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайтудың қазіргі кездегі әдіс-тәсілдері »

баяндама жасады. 2021 ж 15 наурыздағы № 137 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің түйінді идеялардың бірі отбасы мен балабақша арасындағы ынтымықтыстықты нығайту екенін айта келе, жаңашыл әдіс-тәсілдерді колдана отырып іске асыру жолдарын таныстырып өтті.

3. Балабақша әдіскері П.Ережепова педагогтарға «Балабақшамызда «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» сыбайлас жемқорлықты болдырмауға бағытталған түсіндірме жасады.

4. Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының аралық мониторингісінің нәтижелері туралы топ тәрбиешілері айтып өтті. 2023ж 05 қаңтардағы жаңа мониторинг кестесіне жасағандарын, әр жастағы игеруі қажетті дағдылар нақты көрсетіліп, деңгейі есептелетінін айтты.

5. Дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу қажеттілігі жөнінде әдіскер П.Ережепова

6. Меңгеруші Г.Кемпрбаева, мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі ҚР ОАМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментінің бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттаудан өту кестесімен таныстырды.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен 2020-2021, 2021-2022 оқу жылы мен ағымдағы 2022-2023 оқу жылы болып табылады.

Сонымен қатар, МДҰ меңгерушісі оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру;

- 3) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;
- 4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;
- 5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелері бойынша баланың жеке даму картасының талдауы;
- 6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.
- 7) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;
- 8) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;
- 9) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "үлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды қажет етеді" - 3, "төмен" - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

2. П. Ережепова мектепке дейінгі ұйымының әдіскері сондай-ақ баланың жеке даму картасын толтыруға ерекше назар аударуды сұрады.

ШЕШІМІ:

1. Күн тәртібі бойынша серуен тиімді ұйымдастырылсын, үнемі балабақша медбикесі Б. Баярисова, әдіскер П. Ережепова тарапынан қадағалансын.
2. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты арттыру бойынша жоспар құрылып, іске асырылсын. Жауапты: әдіскер, педагогтар.
3. Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа жол берілмесін.
4. Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының аралық мониторингісінің нәтижелеріне сәйкес жеке даму картасы жасалынып, дамыту жұмыстар жүргізілсін.
5. Тәрбиеленушілерді шынықтыру-сауықтыру шаралары үнемі жүргізілсін.
6. Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау жоспары жасақталсын.

2. Төмендегі құрамда комиссия бекітілсін:

Комиссия төрағасы - Г. Кемпрбаева - МДҰ меңгерушісі;

Комиссия мүшелері:

П.Ережепова - әдіскер;
Д.Мурсалиева - тәрбиеші;
А.Жұмаділла - саз жетекшісі
Н.Сулеева- психолог;

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшы:



Handwritten signature in blue ink, likely belonging to G. Kemprbaeva.

Г.Кемпрбаева

П.Ережепова

Балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының аралық мониторингі нәтижелері туралы анықтама.

«Раушан бөбекжай балабақшасы» МКҚК топтардағы тәрбиеленушілердің бес білім беру саласымен, типтік бағдарлама бойынша дағды, шеберлік пен білім деңгейінің тексеруінің қорытындысын шығарды.

Тексеру мақсаты: мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің аралық диагностикасын талдау; оң және теріс нәтижелерді анықтау; білім беру үрдісінің тиімділігін анықтау; даму динамикасын қадағалау; балалармен жұмыстың педагогикалық жоспарлау және болжам жасау.

Талдау барысында, үлгілік бағдарламаны меңгерудің базалық дәрежесін зерттелді.

Тексеру қорытындысы:

МББС меңгеру дәрежесі аралық бақылауының нәтижелері бойынша бес білім беру саласы зерттеліп, 2022–2023 оқу жылының 05.01.2023 ден 25.01.2023 аралығында топ тәрбиешілері және басқа пән мамандарымен бірлесе отырып, балабақшаның жылдық жоспарына сай өткізілді.

Дағдыларды меңгеру бойынша МББС меңгерудің талдауы (барлық бөлімдерінде)

Барлық бөлімдері бойынша МББС меңгеру дәрежесі.

Типтік бағдарлама бойынша дағды, шеберлік пен білім деңгейінің тексеруінің қорытындысы бойынша мынадай қорытынды шығаруға болады, барлық бөлімдер бойынша білім толық меңгерілмеген.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша бағдарламаны балалар оңтайлы жеткілікті дәрежеде меңгерген, МББС меңгеру деңгейі орташа (бала не істегенін түсінеді).

Мониторинг талдауының нәтижелері мынаны көрсетті: 15,8% құзіретті емес, 40% бала жеткілікті құзіретті, 55,8% бала құзіретті.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша МББС меңгеру дәрежесі

Физикалық қасиеттерді дамыту



Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша бағдарламаны балалар жеткілікті және оңтайлы дәрежеде меңгерген, МББС балалардың меңгеру дәрежесі орташа (бала не істегенін түсінеді).

Аралық диагностика қорытындысы бойынша 3,3% құзіретті емес, 48,3% бала жеткілікті құзіретті, 51,6% бала құзіретті.

Мәселе: Балалар балабақшаға жақын арада келген және де, бұрында мектепке дейінгі мекемелерде болмаған, қарым – қатынасқа аз түсіретін балалар. Анамнесінде ТДК диагнозы бар балалар, кеш сөйлеген балалар.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша МББС меңгеру дәрежесі

Коммуникативтік дағдыларды дамыту



Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша бағдарламаны балалар жақсы дәрежеде меңгерген, МББС балалардың меңгеру дәрежесі қанағаттанарлық.

Аралық диагностика қорытындысы бойынша 7,8% құзіретті емес, 40% бала осы облыс бойынша құзіретті, 48,3% жеткілікті құзіретті.

Мәселе: Балалар балабақшаға жақын арда келген және де, бұрында мектепке дейінгі мекемелерде болмаған, қарым – қатынасқа аз түсіретін балалар.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша МББС меңгерген дәрежесі

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту



■ төмен деңгей
■ орташа деңгей

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша бағдарламаны балалар жеткілікті дәрежеде меңгергені бойынша МББС балалардың меңгеру дәрежесі орташа (бала не істегенін түсінеді). Аралық диагностика қорытындысы бойынша 5,8 % құзіретті емес, 43,3% бала құзіретті, жеткілікті құзіретті 50,8%.

Мәселе: Балалар балабақшаға жақын арада келген және де, бұрында мектепке дейінгі мекемелерде болмаған.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша МББС меңгерген дәрежесі

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту




■ төмен деңгей
■ орташа деңгей

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша бағдарламаны балалар жеткілікті дәрежеде меңгерген, МББС балалардың меңгеру дәрежесі орташа (бала не істегенін түсінеді). Аралық диагностика қорытындысы бойынша 15,8 % құзіретті емес, 41,6 % бала құзіретті, жеткілікті құзіретті 54,1 %.

Мәселе: Балалар балабақшаға жақын арада келген және де, бұрында мектепке дейінгі мекемелерде болмаған.

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша МББС меңгерген дәрежесі

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру



■ төмен деңгей
■ орташа деңгей

Сонымен, мынандай қорытынды жасауға болады, барлық бағдарлама максаттары орындалмады, себебі, балалар шағын орталыққа жақын арада келген және де, бұрында мектепке дейінгі мекемелерде болмаған.

Жеке тұлғаны бағдарлы оқыту мен тәрбиелеу бойынша әр баланың жетістіктерін нақты жазуды ұйымдастыру үшін келесі ұсынымдар әзірленді:

✓ мектепке дейінгілердің ойлау қызметін активациялау құралдарын әртараптандыру (дамыту жаттығулары («Мынау неге ұқсайды?»); «Лото» ойыны; «Мынамен не ойнауға болады?»); «Өрнекті аяқта»; «Моншақтарды жина»; Дьеністің блоктарымен ойындар және т.б.) жаңа білім іздеуге бағытталған сұрақтар, бұрында алған білімдерін қолдану мен қалпына келтіруге бағытталған сұрақтар, ҰОІӨ ойын түрлерін, шығармашылық тапсырмалар, мәселелі жағдайлар, сызбалар, тәжірибе – тапсырмалары, эксперимент жүргізу, дидактикалық ойындар, Кюзенер таяқшалары, Дьенештің логикалық блоктары және т.б).

✓ тәрбиеленушілерді ынталандыруын арттыру үшін инновациялық технологияларды енгізу, креативті ойлауын дамыту (ГРИЗ, ИКТ, ойын технологиялары, жоба әдістері)

✓ мониторинг нәтижелеріне сүйеніп отырып, жеке түзету карталарын жасай отырып, баланың даму траекториясын бақылауға мүмкіндік береді.

✓ ата – аналармен жұмыс істеудің дәстүрлі емес нысандарымен жұмыс істеу жүйесін әртараптандыру, бұл оларды балабақша мен баланың өмірінде қызықтыруға көмектеседі.

✓ педагог – психологпен бірлесіп жұмыс атқару керек.

« Раушан бөбекжай балабақшасы » мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

**«Серуенді тиімді іске асыру және
ұйымдастыру»**

баяндама

тәрбиеші Г.Мырзахметова

Серуенді тиімді іске асыру және ұйымдастыру .

Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, педогог оны табиғатпен таныстыра қоймай ,оны түсінуге ,өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға,табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді.Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты.Баланың танымдық дамуы ойын барысында ,табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау,заттарды қарап,зерттеу кезінде табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу,еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қарым-қатынастар арқылы қалыптасады.Әрбір жеке бала – қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші.Бала белсенді әрекеттерге талпынады,сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады.

Көрнекті психолог С.Л.Рубинштейн бақылауды баланың ойлау қабілетін дамытатын мағыналы қабылдаудың нәтижесі деп қарастырады.

Бұл жерде бала табиғи нысандар мен құбылыстардан нені көре алады және нені көру керек деген сұрақ туындайды.Серуен кезінде бақылау жұмысын дұрыс ұйымдастыру ,біріншіден жоспарлау кезінде жеңілдік туғызса,екіншіден бақылауды жүргізуге қойылатын талаптар сақталады.

Балалардың танымдық күзіреттілігі меңгеруі,бақылау нәтижесі педогогтың қолданатын әдіс-тәсілдері мен бақылауды ұйымдастыруына тікелей байланысты.

Баланың жан –жақты дамуы оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Бұл тұрғыда «сезіну,танып білу ,жүзеге асыру» -осы үш бағытта жұмысты ұйымдастыру қажет.Ол үшін тиімді әдіс –тәсілдерді таңдап алудың маңызы зор.

Төменде берілген серуен кезінде ұйымдастырылатын бақылау үлгілері тәрбиешіге баланы қоршаған ортамен таныстыруға ,серуенді дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.

Серуен –мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі.Серуеннің мақсаты-бала денсаулығын нығайту,шаршаудың алдын алу ,денесін шынықтыру,түрлі

әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп,қалыпқа келтіру.

Серуеннің міндеті:

- Қарапайым жағдайда организмді шынықтыру.
- Мектеп жасына дейінгі баланың физикалық даму деңгейін арттыру.
- Баланың қимыл белсендігін арттыру.
- Баланың танымдық,көркем –эстетикалық,әлеуметтік-тұлғалық дамуына ықпал ету.

Серуен түрлері(өтілу орнына қарай.)

- 1.Балабақша аумағында.
- 2.МДМ-нің территориясынан аулаққа серуен (ересек топтар 2км дейін)

Балалар киіміне қойылатын талаптар:

Баланың киімі жыл мезгіліне сай және баланың ыссылдап немесе тоңуына жол бермейтіндей,ауа –райына сәйкес болуы керек.

Температура +3тен -3С аралығында болған жағдайда баланың киімі(іш киімі қосқанда)3 қабаттан тұруы қажет.Сырт киімі,жылы күртеше,шалбар немесе гамаж,аяқтарына жылы бәтеңке.

Температура-4 пен -10С аралығында болған жағдайда балаларға қысқы қалың күртеше мен 3 қабатты киім болуы шарт.

Температура одан төмен болған жағдайда киім қабаттарын 4-5ке дейін ,киім жылылығына қарай көбейту қажет.

Жазғы мезгілдерінде күн тимеу үшін жазғы жеңіл күнқағар бас киім қажет.

Серуеннің мазмұны:

- 1.Бақылау.
- 2.Еңбекке баулу.
- 3.Қимыл белсендігін арттыру,қимылдық ,спорттықойындар мен жаттығулар.
- 4.Жеке жұмыстар баламен.
- 5.Балалардың өз бетінше әрекеті.

Жоғарыда атап өткендей,мектепке дейінгі мекемеде серуенді дұрыс ұйымдастырудың маңызы ерекше. Серуеннің ұйымдастырылуын арнайы

кесте(Ікесте) арқылы талдау әдіскердің де тәрбиешінің де жұмысын жеңілдетеді .Тәрбиеші өзіне қандай талап қойылып отырғанын біледі,және серуенді жоспарлағанда жан-жақты ескеріп отырады. І -кестеде

көрсетілгендей тараулар бойынша әдіскер серуенді талдағанда серуеннің барлық бөліктері ескеріледі.Серуен соңында қорытындылап,ол қорытындымен тәрбиеші танысады және әдіскер ұсыныстар береді.

Осылайша дұрыс ұйымдастырылған серуен балданың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

« Раушан бөбекжай балабақшасы » мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

**«Балабақша мен отбасы арасындағы
байланысты нығайтудың қазіргі
кездегі әдіс-тәсілдері»**

Баяндама


тәрбиеші С.Утебаева

Алаты: Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.

Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту.

Отбасы адамзат бесігінт ербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы-ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Ал бар тәрбиеміздің көзі – ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздер, яғни небір кереметтің барлығын ақыл сөздер мен мақал-мәтелдер екені сөзсіз.

1. Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы.
2. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.
3. Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әкеде қыран болуы керек.
4. Баланы 5 жасқа дейін патшадай күт, 10 жасқа дейін құлдай жұмса, 15 жастан асқан соң досындай сырлас.



Тәрбиешілердің ата-аналармен жүргізілетін жұмыс барысында берілетін кеңес.

1. Балаға жан және дене өзгерістерінің байланыстарын табуға көмектесу.
2. Барлық ескертулерді шын пейілмен, үстірт бағаламай, айдар тақпай жай түсіндіру.
3. Балалардың бойында салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу. Денсаулықтың маңыздылығын құндылық ретінде түсіну.
4. Дене тұрғысынан жетілдіру. Ертеңгілік жаттығу, күн режимін сақтау, таза ауада болып қимыл қозғалыс ойындарын ойнау.

аналармен жұмыстың барлық түрлері ұжымдық, жекелік және көрнекі-ақпараттық болып іленеді.

Ата-аналармен ұжымдық жұмыс түріне өздеріңізге таныс белгілі іс-шаралар жатады.

Біріншіден, бұл - ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы болып табылатын ата-аналар жиналысы.

Ата-аналар конференциясы - бұл бала тәрбиесі туралы терең жан-жақты қарастыру және оны бекіту.

- Конференцияның негізгі мақсаты – отбасылық тәрбиелеудің тәжірибесімен бөлісу. Ата-аналар конференцияларына өте мұқият дайындық қажет. Мұнда белгілі ғалымдар, психологтар мен педагогтар, әлеуметтік педагог, дәрігер, т.б. міндетті түрде қатысады. Мұндай конференцияларға ата-аналар белсенді түрде қатысулар қажет. Олар өз іс-тәжірибелері тұрғысынан мәселеге талдау жасайды. Конференцияның ерешелігі – белгілі бір мәселенің жай-жапсарын шешудің нақты жолдары қарастырылады.

- Конференцияның өзекті тақырыбы мысалы, «Бала денсаулығына қамқорлық» атты конференция ұйымдастырып дәрігерлерді шақыруға болады. Конференцияны мектеп жасына дейінгі мекеме ебалаларының, қызметкерлерінің, отбасы мүшелерінің бірлескен концертімен аяқтауға болады.

- Ашық сабақтар - ата-аналарды бағдарлама бойынша қол жеткен жетістіктермен таныстыру, тәрбиешінің талаптарына ден қоюға бағыт беру. Мұндай сабақтарға ата-аналардың қатысуы балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары туралы ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырады, баламен қарым-қатынас жасаудың жолдарын үйренеді.

- Жеке тақырыптық кеңестер - бұл ата-аналармен өзінің баласы жайында, балабақша тыныс-тіршілігі туралы ақпараттармен қамтамасыз етуде, пікір алысуда маңызды. Жеке кеңестердің тәрбиешінің отбасымен тығыз байланыс орнықтыруында маңызды ор.

Балаңыздың қуана балабақшаға баруы үшін не істеуге болады?

(Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары)

- Оның уақытылы ұйықтауға жатуын қадағалаңыз.

- Балабақша туралы жаман айтпаңыз, Баланың көзінше тәрбиешілерді сөз қылмаңыз.

- Балаңыз балабақшадан берген тапсырмаларға, сіздің қызығушылық танытып, қадағалайтыныңызды көрсін.

- Өзіңіз оқыңыз, бала ата-аналарының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінін білсін, көрсін.

- Компьютерлік ойында ойнауды бала күнінде 20 минуттан асырмауы тиіс.

- Егер бала сізбен қатты әсер алған оқиғасымен бөліссе – сол оқиға жайлы әңгіме құрастыруын өтінізіңіз, ал кешкісін оны барлық - отбасы мүшелеріне оқып беріңіз.

- Балабақша өміріне үнемі белсенділік танытыңыз.

- Балабақшада сіздің балаңыз өзіне деген өте жағымсыз қатынасқа қақтығысып қалуы мүмкін. Және де барлығы әрқашан іске аса бермейді. Осы сәтте балаға өзіне деген сенімін жоғалтпауға көмектесіңіз.

Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-

алады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс –тілектерімен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Ата-аналардың балабақшадағы балалардың өмірін мейілінше қызықты етіп өткізуіне үлес қосу үшін «Шебер қолдар» үйірмесін ұйымдастыруға болады. Балаларды қолөнердің кейбір түрлеріне, кесте тігуге, кейбір ата-аналар ертеңгіліктерге бірігіп декорация жасауға, киімдер тігу, атрибуттар дайындау сияқты жұмыстарға араластыруға болады. Балаларының оларға тән емес ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, құрдастарының оған деген қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па, балабақшада ол үйдегідей емес, өзін басқаша ұстауын еріксіз салыстырады.

Ата-аналармен мейілінше кең тараған жұмыстардың бірі ол ашық есік күні.

Мектеп жасына дейінгі мекемемен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен тәрбиелеу - оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, олармен қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді. Ата-аналармен топтарға саяхат жасау, балабақша жұмысынан үзінді көрсету (ұжымдық жұмыстар, серуендеуге жинау т.с.с.) немесе әдіскер ата-аналармен әңгімелеседі, олардың алған әсерлерін анықтайды, туындаған сұрақтарға жауап береді. Әңгімелерді жеке дара, ұжымдық түрінде өткіземіз. Бұл екі жағдай да, нақты міндет: нені анықтау қажеттігі, немен көмектесуге болатыны белгіленеді, ата-аналардың пікірлерін де тыңдаймыз.

Ата-аналарға педагогикалық сауаттылықтарын жетілдіру мақсатында

«Білім келеді» сабағын өткізуге болады.

«Бала тілі - бал» тақырыбында арнайы топ газетін шығарып балалардың қызықты сәттері мен өз қиялдарынан шыққан тәтті сөздерін жазып іліп қою.

«Жылжымалы папка» ата-анамен байланыс дәптеріне ата-аналар өз пікірлерін жазып, кеңестермен таныстыруға болады.«Балам өсіп келеді...» тақырыбында ата-аналарға эссе байқауын өткізіп пікір сайыс ұйымдастырып, талқылауға болады.Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.

Біздің мақсатымыз ХХІ ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі білім беру саласының жүйелі мемлекеттік қолдау табуы және балалардың мектепке дейінгі оқу бағдарламаларымен 100% қамтуға кезеңмен көшу жағдайында мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушілер ата-аналары арасындағы өзара бірлескен әрекеттестікте ұйымдастыруда жанашыл әдістерді табу ерекше рөл атқарады.

Сондықтан, балабақша мен отбасы арасындағы байланыстың негізінде бала дамуында мектепке дейінгі ұйымның маңызды рөл атқаратыны туралы идеясы жатыр: бұл жерде бала алғашқы білім алады, басқа балалар мен үлкен кісілермен қарым-қатынас жасау дағдыларын иеленеді, өзінің жеке іс-әрекетін ұйымдастыруға үйренеді. Алайда, бала осы дағдыларды қаншалықты тиімді пайдаланады, ол отбасының мектепке дейінгі ұйымға қатынасына байланысты болады. Бала дамуындағы отбасылық тәрбие отбасы мен балабақшаның арасындағы өзара ықпалдастықтың маңыздылығын айқындайды.

Педагогтер мен ата-аналар арасындағы байланыстың жаңа түрлеріне жабық балабақша аясында көшу мүмкін емес: ол ата-аналарды балабақшаның білім беру процесіне қатыстыруды қамтитын бірінші кезектегі міндеттер қатарындағы ашық жүйе болуы тиіс.

Сонымен, педагогтердің ата-аналармен байланысы – бұл бала тәрбиесі бойынша бірлескен қызметке бағытталған педагогтер мен ата-аналардың оңтайлы эмоциялық жағдайы.

Балабақшаның отбасымен жұмыстың басым бағыттарының қатарына енген интерактивтік, ізденушілік, ойын технологияларының негізін құрайтын бірлескен әрекет түрлері дұрыс таңдалған жағдайда отбасы мен балабақшаның ықпалдастығы тіптен табысты болады.

Ата-аналармен жұмыстың әртүрлі түрлерін пайдалану баланың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашуға, балаларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, мемлекет және қоғам, отбасылық құндылықтарға қатыстыруға ықпал етеді.

«Раушан бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны

Педагогикалық кеңес № 5

Өткен күні: 31.05.2023

Қатыскандар: 12

Қатыспағандар: 5

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Мақсаты: оқу жылын қорытындылау, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс бағыттарын әзірлеу. Жазғы кезеңге жұмысты ұйымдастыруды талқылау.

Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі. Жауапты меңгеруші Г.Кемпрбаева

Күн тәртібі

1.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті меңгеруі үшін балабақшала қолайлы жағдай жасау». Меңгеруші Г.Кемпрбаева

2. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы. Әдіскер П.Ережепова

3. Балабақшаның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша комиссия қорытындысы. Меңгеруші Г.Кемпрбаева

4. Балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының қорытынды мониторингісі. Тәрбиешілер

5. «Бала құқығын білу және бала құқығын қорғау әр бір педагогтың міндеті» баяндама тәрбиеші М.Иманалиева

6. Кеңес беру пункттерін, педагог-психологтың түзеу-дамыту (тәрбиешілермен, ата-аналармен өзара әрекеттесу) жұмысын ұйымдастыру. Әдіскер П.Ережепова, Психолог Н.Сулеева

7. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңге бөлу. Жазғы кезеңге жоспарды бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті, күн тәртібін бекіту Меңгеруші Г.Кемпрбаева, Медбике Б.Баярисова

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Г.Кемпрбаева Педагогикалық кеңестің шешіміне мыналарды шығаруды ұсынды. жазғы кезеңде барлық топ тәрбиешілері мен мамандарына топ бұрыштарының мазмұнын қайта қарау, ойын картотекаларын

жаңарту, балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын толықтыру, топтардың пәндік-дамытушылық ортасын толықтыру.

Екінші мәселе бойынша әдіскер П.Ережепова 2022-2023 оқу жылының нәтижелері бойынша өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін ұсынды. Жылдық жоспарда қарастырылған мәселелер орындалып, атқарылғаны туралы баяндады.

Педагогикалық кеңестің шешіміне: өзін-өзі бағалау бойынша педагогикалық ұжымның 2022-2023 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде 2022-2023 оқу жылындағы қызметтің нәтижелері ескерілсін.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Балабақша меңгерушісі Г.Кемпрбаева балабақшаның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша комиссия қорытындысымен таныстырып өтті.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын негізге ала отырып, білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасы бойынша бағаланды.

1. Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі – 100- 5 балл;

2. Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі – 70,6 – 2 балл;

3. Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі – 100- 5 балл;

4. Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы – 95 – 4 балл;

5. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау – 90 – 4 балл;

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету – 100 -5балл;

7. Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) – 100- 5 балл;

8. Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау – 90 – 5 балл;

9. Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау – 95 -5 балл.

Нәтижесінде балабақшаның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша комиссия қорытындысының орташа баллы – 4,4 балл болып, жақсы деп бағаланды. Дегенімен педагогтардың біліктілік санатын растауы төмен деңгейде екендігі, біліктілік санатын растау жұмыстарын жүргізу қажет.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Төртінші мәселе ретінде балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының қорытынды мониторингісі нәтижелерімен топ тәрбиешілері таныстырды. Мониторинг нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің 90%нан даму деңгейі жоғары деңгейде екенін айта келе, II деңгейдегі балалармен жазғы мезгілде дамытушы жұмыстар жүргізілетінін айтты.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Келесі кезекте тәрбиеші М.Иманалиева « Бала құқығын білу және бала құқығын қорғау әр бір педагогтың міндеті» баяндама жасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың құқығын қорғауда балабақша қызметкерлері тарапынан қолдау болуы қажеттілігіне баса назар аударды. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау жөнінде ұсыныстар айтты.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Алтыншы мәселеде педагог-психолог Н.Сулеева, әдіскер П.Ережепова кеңес беру пунктiнiң, педагог-психологтың түзеу-дамыту (тәрбиешілермен, ата-аналармен өзара әрекеттесу) жұмысын ұйымдастыру бойынша айтып өтті. Кеңес беру пунктi балабақшаға келуге мүмкіндігі жоқ немесе қосымша кеңес алу қажеттілігі бар балалар мен ата-аналар қамтылатынын айтты. Ата-аналармен жұмыстарды тиімді жүргізуге бағытталған түзету-дамыту жұмыстары бойынша бірқатар кеңестер беріп, ұсыныстар айтты.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

7. Мейірбике Б.Баярисова қатысушыларды жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарымен таныстырды.

Жазда балаларды сауықтыру үшін күнделікті өмірде ауа, күн, су арқылы шынықтыру сияқты сауықтыру факторларын дұрыс қолданудың маңызы зор. Мұғалімдер жазғы кезеңде балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, өсіп келе жатқан ағзаның демалу, шығармашылық белсенділік пен қозғалыс қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға ықпал етуі керек.

Менгеруші Г.Кемпрбаева жазғы кезеңде балалармен жұмыста келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге ықпал етуді педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Мақсаты: Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдай жасау.

Міндеттер:

- Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жарақаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету.
- Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табиғатқа сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге,

мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

2022 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің бөлінуі, жазғы кезеңге арналған күн тәртібімен таныстырды. Қатысушылар жоспарды мақұлдады, жазғы кезеңде ұйымдастырылған іс-әрекетті келесі бөлімдер мен білім беру салалары бойынша өткізу туралы шешім қабылданды.

ШЕШІМ:

1. Жазғы кезеңде барлық топ тәрбиешілері мен мамандарына топ бұрыштары мазмұнын қайта қарау, ойын картотекаларын жаңарту, балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын толықтыру, топтардың пәндік-дамытушылық ортасын толықтырылсын.

2. Педагогикалық ұжымның 2022-2023 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын.

2.2. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде 2022-2023 оқу жылындағы қызметтің нәтижелері ескерілсін.

3. Балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындысы жақсы деп бағалансын.

3.1. Балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындысы аумақтық бөлімшелерге ұсынылсын.

3.2. Балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындысы балабақшаның интернет сайтында жариялансын.

4. Балалардың тәрбие мен білім дағдыларының қалыптасуының қорытынды мониторингісі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

5. Балабақшада тәрбиеленушілерге зорлық-зомбылық көрсету болмасын.

6. Кеңес беру пункті жұмысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

6.1. Педагог-психолог жұмысы қанағаттанарлық деңгейде деп есептелінсін.

7. 2023 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

- Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

- Педагогтердің жазғы кезеңге арналған құжаттамаларының тізбесі бекітілсін:

- Балалар және ата-аналармен жұмыс істеудің перспективалық жоспары, циклограммалар.



Гөраға
Хатшы

Г.Кемпрбаева
П.Ережепова



БЕКІТЕМІН

**«Раушан» бөбекжай-
балабақшасы МКҚК-ның меңгерушісі:**

Д.А. Кезырмаева

«_31_» мамыр 2023ж.

№5 пед.кеңес шешімімен

«Раушан» бөбекжай балабақшасы

МКҚК-ның

жаз айына арналған

сауықтыру жоспары.

2022-2023 оқу жылы

- **Мақсаты:** Балабақшадағы балаларды салауатты өмір салтына үйрету баланың денсаулықты сақтау, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік құзіреттілігін арттыру.
- **Тапсырма:**
 - Балалардың денсаулығын нығайту
 - Баланы салауатты өмір салтына үйрету
 - Баланың қызығушылығын арттыру
 - Қоршаған орта мәдениетімен таныстыру
 - Жазғы демалысты ұйымдастыру шаралармен тәрбиешілерді таныстыру
 - Ата-аналармен бірге баланың жазғы демалуына жағдай жасап, жұмысты жүргізу.

Сауықтары шаралары.

Мазмұны	Топтар	Уақыты	Жауапты
Жыл мезгілге орай, таза ауада жаттығу өткізу.	Барлық топтар	Күнделікті	Тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілері, дене шынықтыру нұсқаушысы
Таңғы жаттығу таза ауада Ойын түрінде өткізу	Барлық топтар	Күнделікті	Тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілері, дене шынықтыру нұсқаушысы
Ұйқыдан ояну гимнастикасы	Барлық топтар	Күнделікті	Тәрбиешілер
Балабақша ауласында жаяу Жүру (төзімділікті арттыру)	Кіші топ	Аптасына 1 рет	Тәрбиешілер
Мөлшерлі жүгіру	Орта топ	Күнделікті	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Доппен ойнау, заттарды қолдану әдісін үйрену.	Барлық топтар	Күнделікті	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Спорт құралдарымен ойындар.	Ересек топ	Күнделікті	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Қимыл ойындар	Барлық топтар	Аптасына 1 рет	Тәрбиешілер
Спорттық жарыстар	Мектепалды топ	Күнделікті	Тәрбиешілер, медбике, дене шынықтыру нұсқаушысы
Ауа ваннасын қабылдау (жеңіл киіммен)	Орта топ	Күнделікті	Тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілері
Таза уауда серуендеу	Барлық топтар	Күнделікті	Тәрбиешілер
Шөпте жалаң аяқ жүгіру	Барлық топтар	Аптасына 2 рет	Тәрбиешілер
Сумен ойындар	Барлық топтар	Күнделікті	Тәрбиешілер, тәрбиеші

			көмекшілері
Аяқты суға салу	Барлық топтар	Күнделікті	Тәрбиешілер, медбике
Тамақты қайнаған сумен шаю	Орта топ	Күнделікті	Тәрбиешілер, медбике
Саусак гимнастикасы	Барлық топтар	Күнделікті	Тәрбиешілер
Тыныс алу гимнастикасы	Барлық топтар	Күнделікті	Тәрбиешілер
Психологиялық гимнастика	Орта топ	Аптасына 2 рет	Психолог

Танымдық ойын-сауықтар.

Мерекелер	Топтар	Жауаптылар
Маусым айы		
Балаларды қорғау күніне арналған «Бақытты балалық шақ» мерекелік ертеңгілік	Барлық топтар 01.06.2023ж	Тәрбиешілер, Музыка жетекшісі
Тазалықты ұнатушылар күні(тазалық сақтау жеке гигиена туралы әңгімелесулер, Тіс қылшағында қонақта ойын сауығы учаскені тазалау.	«Балауса», «Балбөбек» 05.06.2023ж	Тәрбиешілер,медбике
Дені сау отбасы күні (Әкем анам мен спорттық жанұямыз)	«Балапан», «Бүлдіршін» 07.06.2023ж	Тәрбиешілер,дене шынықтыру нұсқаушысы
Кұм күні (кұмды құрылыстар ,кұмға сурет салу,кұмды аула байқауы,кұрғақ және сулы құмның ерекшеліктерін зерттеу)	«Балдаурен», «Балапан» 9.06.2023ж	Тәрбиешілер
Доп және секіртпе күні.(ойындар үлкендігі әртүрлі доптармен, секіртпелермен ойын –сауық өткізу)	«Балауса», «Балбөбек» 15.06.2023ж	Тәрбиешілер
Көңілді эстафета күні (дәстүрлі емес әртүрлі атрибуттары бар әртүрлі бар әзілді көңілді эстафеталар)	Барлық топ 16.06.2023ж	Музыка жетекшісі Тәрбиешілер
Қатал бағдаршам күні (көше қозғалысы ережелерін қайталау Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары ойын сауығы.	Барлық топ 20.06.2023ж	Тәрбиешілер
Сак ойыншықтар күні (автоалаңда	«Бүлдіршін»	Тәрбиешілер

ойыншықтармен жол қозғалысы ережелерін ойнау)	21.06.2023ж	
Жүргізуші және жолаушы күні(әртүрлі материалдардан автокөліктердің үлгілерін дайындау, оларды ойнату, жүргізушілер мен жолаушылар үшін ережелерді қайталау. Автобус ,автовокзал, Таксопарк сюжетті-рөлді ойындар.)	Барлық топ 22.06.2023ж	Тәрбиешілер Тәрбиеші көмекшілері
Қиылыс күні (қиылысқа мақсатты серуен. Құмнан тастан, және қалдық материалдан қиылыстың пішінін жасау.)	Барлық топ 23.06.2023ж	Музыка жетекшісі тәрбиешілер
Көңілді эстафета денсаулық күні	«Балауса», «Балбөбек» 27.06.2023ж	Тәрбиешілер
Құм терапиясы құмнан үйлер тұрғызу	Барлық топ 29.06.2023ж	Тәрбиешілер
Ермексазбен жұмыс	Барлық топ 30.06.2023ж	Тәрбиешілер
Туған күндерді тойлаймыз	Барлық топ	Тәрбиешілер
Шілде айы		
«Туылған күніңмен Астана» мерекелік концерт «Астана-әсем қала»сурет сайысы	Барлық топ 05.07.2023ж	Тәрбиешілер
Кино күні, кинотеатрда сақталатын ережелер (мультфильм, бейнефильмдер көру)	Барлық топ 12.07.2023ж	Тәрбиешілер
Музыка күні (әнші балапан үздік орындалған ән байқауы, би алаңы)	Барлық топ 17.07.2023ж	Тәрбиешілер
Біздің сүйікті ерегілеріміз	Барлық топ 21.07.2023ж	Тәрбиешілер
«Су патшасы Нептунда қонақта»	Барлық топ 24.07.2022ж	Тәрбиешілер
Көркем сурет күні.(Суреттер конкурсы «Жаз күн сәулесімен жылы.» Сурет галереясын ұйымдастыру.)	Барлық топ 28.07.2022ж	Тәрбиешілер
Туған күндерді тойлаймыз	Барлық топ	Тәрбиешілер
Тамыз айы		
Мүсін өнері күні(батпақтан, камырдан мүсін	Барлық топ 01.08.2023ж	Музыка жетекшісі Тәрбиешілер

жасау, оларды безендіру, сулы кумнан мүсін жасау конкурсы)		
Цирк күні (Цирк музыкалық ойын-сауығы)	Барлық топ 03.08.2023ж	Тәрбиешілер, медбике
Айболит күні (Балалар дәрігерде қабылдауда салмағын, бойын өлшеу. Мықты батыл епті, шебер ойын-сауығы, дәрігердің қатысуымен).	Барлық топ 07.08.2023ж	Тәрбиешілер
Сурет салу күні (Анам әкем мен – шығармашылық отбасымыз. Отбасылық мсуреттер көрмесі)	Барлық топ 08.08.2023ж	Тәрбиешілер
Театрландырылған көрініс	Барлық топ 11.08.2023ж	Тәрбиешілер
Дидактикалық ойындар	Барлық топ 14.08.2023ж	Тәрбиешілер
Қазақ халқының шығармашылығы күні (Матадан, киізден, былғарыдан бұйымдар жасау)	Барлық топ 17.08.2023ж	Тәрбиешілер
Отан туралы өлеңдер күні (Отан туралы үздік өлең конкурсы)	Барлық топ 21.08.2023ж	Тәрбиешілер
Конституция күні. (Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған мерекелік концерт)	Барлық топ 28.08.2023ж	Тәрбиешілер
Туған күндерді тойлаймыз.	Барлық топ	Тәрбиешілер

« Раушан бөбекжай балабақшасы » мемлекеттік коммуналдық
казыналық кәсіпорны

**« Бала құқығын білу және бала
құқығын қорғау әр бір педагогтың
міндеті»**

Баяндама

Тәрбиеші М.Иманалиева

«Балам бол, басқа бол, бәріне-заң біреу»

Ж.Баласағұн.

Ата-бабаларымыз жазу-сызуды білмеген кездің өзінде де бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, адам құқығын қорғауды назарда берік ұстаған. Сол кезде адамдарда көптеген сұрақтар туындады. Келісімді бейбіт өмір сүру үшін «Адам құқықтарының декларациясы» деген кітап жарық көрді. Бұл кітаптарды үлкендер өздеріне арнап жазды. Ал, балаларға қамқорлық жасай отырып, балалар бақытты өмір сүру үшін «Бала құқықтары туралы Конвенциясы» жазылған.

Бала туралы Конвенциясы ҚР 1994 жылы 11 қарашада заңдық күшіне енді. 2002 жылы 2 қыркүйекте Қазақстан «Бала құқықтары туралы конвенцияға қол қойды, сөйтіп Қазақстанның «Балалар құқығы туралы заңы» енгізілді. Конвенция-0-ден 18 жасқа дейінгі барлық балаларға қатысты халықаралық заңы бар құжат.

Бұл заң 9- тарау, 53- баптан тұрады.

Бала деген кім? 18 жасқа толмаған жеткіншек бала деп саналады.

Бала дүниеге келген соң өзіне есім алуға, азаматтық алуға, өз ата-анасын танып білуге, олар тарапынан қамқорлық көруге құқылы. Әрбір бала өмір сүру құқығына ие және Мемлекет оның өсуі мен дамуын қамтамасыз етуге міндетті. Жасы жетпегендіктен, әлі қабілеті толық қалыптаспағандықтан балалар өз мүделерін өздері қорғай алмайды. Балаларына қамқорлық жасау және тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы. Ал, тәрбиеден қате жіберілсе, оның салдары ата-ананың өзіне тиеді. Тәрбисіздік пен адамгершілікке жатпайтын тәртіп балаға оңайға соқпайды. Қоғам да, басқа адамдар да мұндай қылықтан зиян шегеді. Әрбір баланың өз отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге, олардың қамқорлығына, өзінің мүделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, олармен бірге тұруға, жан-жақты өсіп-жетілуіне құқылы. Ата-анасы болмаған жағдайда, оларды ата-ана құқығынан

айырған және ата-ана қамқорлығынан айырылудың басқада себептері баланың отбасында тәрбиелену құқығын «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының заңында жазылған:

Заңның 13-тарауында белгіленген. Ата-анасы некесінің бұзылуы, ата-анасының бөлек тұруы баланың құқығына кері әсер етпеуге тиіс. Ата-анасы бөлек тұрған жағдайда немесе басқа мемлекеттерде тұруына байланысты баланың әрқайсысымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар. Кейбір жағдайда ата-аналық құқықтан айырғаннан кейін ата-ана мен бала арасындағы байланыс тоқтайды. Соттың шешімімен ата-аналық құқығын жойған адамда енді баласын тәрбиелеу құқығы болмайды. Ол ата-ана енді басқа біреуден өзінің баласын сұрап, баланың заңды өкілі және оның мүдесін қорғауға да құқығы болмайды. Бірақ ата-аналық құқығы жойылған адам баланы материалдық жағынан қамту міндетінен босатылмайды. Егер ата-аналық құқығынан айырылған адам өзінің

кателігін мойындаса, жеке бас тәртібін түзесе, онда оған ата-аналық құқығы қайтадан қалпына келтірілуі мүмкін. Ата-анасының қамқорлық жасауынан айырылған балаларды тәрбиелеп, мәпелеу-мемілекеттің, қоғамның қасиетті борышы. Бала-ата –ананың көз нұры, көңіл қуанышы, өмірінің жалғасы. Халқымыз ұл мен қыз тәрбиесіне ерекше мән берген. Бала тәрбиелей отырып, артына із, өшпес мұра қалдырған. «Тәртіптің ең тамаша мектебі-ол отбасы»-деген С.Смайлс. Ұл- қыз ата –анасын қуанышқа бөлеп, бақытқа жеткізу үшін, ең әуелі әдепті болуы керек. Әдепті болып өскен бала ата –анасының көз қуанышы. Ендеше, баланы сеніммен тәрбиелеу-зор нәтиже береді деп ойлаймын. Балаңмен сырлас дос бола біл. Дүниедегі мақсатың да, міндетің де ең үлкені-ол ертеңгі күнгі өнегелі, парасатты ұрпақ қалдыру.

Бала құқығын білу және бала
құқығын қорғау ар бір адамның

Тәрбиелік М.А.Аманжол